



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

салыстырмалы тұрғыдан қарасақ, қыпшақ-половец тілдер тобының қарайым, қырымшақ тілдерінде «өте» мағынасын беретін **астры** күшейткіш үстеуі қолданыста екен. Ал бізде күшейткіш үстеулерге *ең, өте, аса, бек* сөздерін жатқызамыз да, **әсіре, асыра** формаларын бұл мағыналық топтан көрмейміз. «Әсірелеп айту», «асыра сілтеу» тіркестерінің тұрақты компоненті ретінде ғана сақталған.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. С.А. Гочияева. Наречие в карачаево-балкарском языке. Карачаево-черкесское отделение ставропольского книжного издательства черкесск – 1973 г. -123 стр.
2. К.М.Мусаев «Грамматика караимского языка» (Фонетика и Морфология). – Москва: «Наука», - 1964, - 349 с.
3. Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Морфология. (Отв.редактор: Э.Р.Тенишев). – М.: «Наука», 1988 г. – 560 с.
4. Языки мира: Тюркские языки. М., 1996 г. – 543 с.
5. Даби Реби «Крымчакский язык. Крымчакско-русский словарь». – Симферополь, ДОЛЯ, 2004. -244 с.
6. Сағындықұлы Б.Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері. Павлодар: С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, 2010. – 262 б.
7. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 384 б.
8. Электронное издание DDA, 2003-2004. Формат CHM. С приложением статьи Э. В. Севортяна "Крымско-татарский язык" ("Языки народов СССР", М. , 1966, т. 2 "Тюркские языки", стр. 234-259) и программы преобразование алфавитов (с кириллицу на латиницу и обратно) для текстов на крымско-татарском языке.

УДК 809.564.2

ИНТЕРТЕКСТУАЛДЫЛЫҚ МӘСЕЛЕСІНІҢ ҚОЙЫЛЫСЫ

Шаймұрат Нұрқанат

es.nurkanat@mail.ru

Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ филология факультеті, «Филология: қазақ тілі» мамандығының 4-курс студенті, Астана, Қазақстан.

Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.д., профессор Жақыпов Ж. А.

Интертекстуальдылық (интертекстуальность) – қандай да болмасын мәтіннің, өзін қоршаған семиотикалық ортамен байланысын түсіндіретін постмодернистік текстологияның термині. Бұл терминді алғаш енгізген адам – Юлия Кристева. М.Бахтиннің «полифониялық роман» концепциясын пайымдау кезінде пайда болған термин ақырсоңында текст жайлы ілімнің басты ұғымына айналды. Бұл ұғымға сәйкес, қандай да болмасын текст өзіне дейінгі және өзімен қатар тұрған текстермен диалогқа түседі. Неміс философы, текст маманы (герменевтик) Гадамер айтады, «Қандай да болмасын сөздің мағынасы оның өзінде ғана емес, сондай-ақ, ол (сөз) өзіне дейінгі айтылған сөзге және әлі айтылмаған сөзге сілтеме жасайды, осылай болғанда ғана сөз өзінің шын мағынасына жетеді», – деп[2, 256]. Постмодернизмде, мәтіннің, өз артында тұрған таңбалық фонмен матаса байланысқа түсуі, мағына тудырудың басты шарты болып табылады: «кез келген сөз (мәтін) басқа сөздердің (мәтіндердің) қиылысуы болып табылады», «қандай да болмасын сөз (мәтін) жазушы жазған хаттың, оқырман (немесе персонаж) жазған хаттардың диалогы болып табылады» (Ю.Кристева). Ролан Барт «Семиотика» еңбегінде жазады: «Текст дегеніміз... өзінің шыққан тегін ұмытқан көптеген тексттің бір-бірімен астасуы болып табылады», «осылайша әрбір текст шындығында интертекст болып табылады...», «әрбір текст – ескі цитаталардан құрастырылған жаңа бітім, себебі, қашан болсын, текст, әртүрлі жаралған, әр тараптан келген басқа текстердің қоршауында тұрады» деп [4, 125]. Сол себепті, постмодернистік

ойлау стилі кейде «цитаталық ойлау» («цитатное мышление») деп, ал постмодернистік текстер «цитаталық әдебиет» («цитатная литература») деп бағаланады [3, 2].

«Постмодернистік коллажда мынадай принцип бар. Бұрынғы әдебиеттен қандай цитатаны қиып алып, афоризм ретінде пайдалансаңыз – оленді сіздікі және сіздікі емес. Жалпы ешкімдікі емес. Неге десеңіз, оның екі себебі бар. Біріншіден, сіз «Х» деген жазушыдан цитата алдым деп ойласаңыз, «Х»-ң өзі ол цитата аны басқа біреуден, ол цитатаны кімнен алғанын білмейтін ... басқа біреуден алған. (Көне араб поэзиясындағы плагиат теориясы бойынша, ақын, басқа бір ақынның өлеңін тұтастай алып, өз мәнерімен оқып берсе, ол өлең соның өлеңіне айналады екен). Екіншіден, сіз қандай жаңалық жасаңыз да, аштым деп айта алмайсыз. Себебі, сіздің «ашқан» «жаңалығыңыз» міндетті түрде бұрынғы өткен авторлардың әйтеуір біреуінен табылады. Деррида айтыпты: «Қандай да болмасын текст – ол, сыртындағы тырнақшасы алынып тасталған цитата» деп. («Любой текст – это раскавыченная цитата»)[2, 15]. Бұл пікірге саятын ойды қазақтың ақыны Абай Құнанбайұлы да айтқан:

«Оқып көріп байқасын,
Мағынасы ішке кіре ме?
Ұрлаған сөз деп айтасың,
Сөз ұрлыққа жүре ме?

Кісі айтпаған сөз бар ма?
Тегіс ұғар қай құлақ!
Сөккенің оны ұнар ма,

Үйренген сөзге мен де ортақ», – бұл ақынның «Тілім саған айтайын» деген өлеңі. Осы тектес пікірді Шәкәрім Құдайбердіұлы да «Үш анық» еңбегінде келтірген:

Ал осы интертекстің бастауы жайында мәдениеттанушы Таласбек Әсемқұлов: «Аталған (интертекстуальділік) постмодернистік концепцияның басты ұғымы – **палимпсест**. Таратып айтсақ, палимпсест, көне жазуда, көне сурет өнерінде көп пайдаланылған технология. Бұрынғы сурет, көне графика, қағаздың орнына арнайы өңделген, пергамент деп аталатын (бізше – сірі) теріні пайдаланған. Міне, кейбір жағдайларда (оның себебі өте көп) бұрынғы сурет, яки бұрынғы жазуды үстінен бір қабат арнайы желіммен сылап тастап, желімнің үстіне жаңа текст жазады, немесе жаңа сурет салады. Кейде палимпсест бір-бірімен қабаттасқан жиырма-отыз суреттен немесе жазудан тұруы мүмкін», – деген қызықты пікір айтады [3, 2].

Қазіргі нарратологияның негізін қалағандардың бірі, белгілі француз әдебиеттанушысы Жерар Женеттің айтуынша, кез келген мәтін – палимпсест болып табылады: қандай да болмасын текст бұрыннан бар текстердің үстінен жазылады. Бұрынғы текстердің семантикасы, соңғы жазылған мәтіннің мағынасының астынан сәуле шашып көрініп тұрады. Бір-бірімен қабаттасқан интертекстуалдық семантикалардан тыс жазу – мүмкін емес екенін байқаймыз. «Бұл жерде «таза парақ» деген ұғымның ешқандай мағынасы жоқ. Жазатын адам (ол кім болса да мейлі) қашан болсын «таза параққа» емес, қисапсыз шимайланған, есепсіз көшірілген ескі теріге жазады» [3, 16].

«Демек, кез келген мәтін, бұрыннан бар, қанша жаста екенін ешкім білмейтін цитаталардан тұрады екен, олай болса, постмодернистік мәдениеттің символы – тырнақша» деген анықтама бар. Әлбетте, ешкім де цитатаны тырнақшаға алмайды. Тырнақша, типографиялық белгі ретінде қойылмайды.

Ал осы әдебиеттегі аталмыш интертекст ұғымын алғаш тіл біліміне байланыстырып зерттеген ғалымдар француз Р.А. де Богранд мен В.У.Дресселер болатын. Ал орыс тіл білімінде Литвиненко Т. А. бастаған көптеген ғалымдар. ал қазақ тіл білімінде осы ұғымның негізінде ғылыми еңбек жазған А.С. Әділова Тіл білімі саласында интертекст синтаксис бөлімінде де, мәтін лингвистикасында да зерделенеді. Синтаксис саласында интертекст бөгде сөздің мәтінаралық көрініс беруі болып табылады. Және де сонымен қатар мәтінтүзушілік қасиетке де кеңінен ие екенін атап айтқан жөн. А.С. Әділова: «Қабылдау стилистикасы үшін ұсыну қағидатына сай қызмет атқаратын элементтердің бірі – **интертекстер** немесе мәтіннің

басқа көркем шығармалармен, қоғамдық, мәдени, әлеуметтік елеулі оқиғалармен байланысын көрсететін түрлі **келтірінді құрылымдар**».

Эпостық жырлар – қазақ әдебиетінің бастау арналарында тұрғандықтан міндетті түрде интертекстік мәнге ие бола алады. Себебі эпостық жырлардағы мазмұндық сарындар, кейіпкерлік архетиптер, көркем цитаталар, фразалық қайталаулар, т.б. интертекстік бола алатын элементтер одан кейінгі уақыттағы көркем әдебиеттен кең қолданыс тапқан. Бұған нақтымысал ретінде ақын Есенғали Раушановтың мына бір өлең-аудармасынан үзінді келтірейік:

«Ерте ерте ерте екен,
Ешкі жүні бөрте екен,
Асу асу бел екен,
Аса бір соққан жел екен,
Ұшан теңіз ар жағы,
Ұлы да таудың бер жағы –
Дәнімәрк деген ел екен,
Етек-жеңі кең екен.
Дәнімәрк патшасы –
Гамлет деген төре екен,
Ең мықтымен тең екен.

Қара ма, хан ба, төре ме,
Өлім айтып келе ме,
Құдіреті күшті Құдайға,
Адам дегеннемене?!
Қайтпассапарқашандеп,
Кезеккетұрмызбәріміз,

Ажалдегенкемеге», – осы алғашқы жолдардың өзінен-ақ батырлық жырлардың басталу сарыны айқын байқалады. Ақынның бұл өлеңі – Шекспирдің «Гамлет» туындысының үзіндісінің қазақша аудармасы. Осы арада интертекстік қолданыстың аударма мәтіндерде де көптеп кездесетінін айта кеткен жөн.

«Ер Гамлет өлгенде,
Ерен жұлдыз сөнгенде,
Жесір қалды әйелі
Гертруде ханым шерменде.
Ажарлы да базарлы,
Көрмеген де арманда,
Армандаекенкөрген де.
Соңынанергенжалғызұл –
Өренжүйрікөркеуде,
Оның-дағыаты Гамлет,
Шетелдеоқыпжүреді,
Қаралы хабар жеткенсоң,
Қайтатынболдыендіелге.
Атадан алтын таққалды,
Мұрагерікелердеп,
Дәнімәркшаттанды,
Қуанбағанжалғыз-ақ

Кләудиасдегенкөркеуде», – бұл аралықтан біз эпостық жырлау үлгісін, жырларға тән көркем қайырымдармен қатар эпостық жырлардың басты белгілерінің бірі ретінде суреттелетін жағымсыз кейіпкер бейнесінің аллюзиялық реңкте қайталанғанын көреміз. Кләудиас – «Алпамыс жырындағы» Ұлтан құл. Алпамыстың қайтып оралуы Ұлтан құлға да қуаныш сыйламағаны белгілі.

Эпостық жырлардағы кейіпкерлердің қазіргі қазақ поэзиясында аттары аталып суреттелуі де көптеп кездеседі. Мысалы, Мұқағали Мақатаев:

«Аяқтап болып махаббат деген сапарды,

Қозы мен Баян моласы міне аталды.

Қалауын қанша тапқаныменен қара тас,

Қайырымсыз ата Қарабайдайын қатал-ды», – деп жырлайды. Бұл кейіпкерлердің қайта жырлануымен қатар, интертекстік мәселе – текстті аяқтауға да саяды. Текстті аяқтау немесе реставрация – текстті өз ойында өрбіту, қайта жазу, аяқтау мағыналарына саяды.

Ал ақын Серік Ақсұңқарұлы:

«Мен – Төлеген,

Қыз Жібек-ті Ол – маған!

Махаббат – құс, қос қанаты қайрылып,

Ұшамын деп көкке қанат қомдаған:

Оны-дағы қортық Қодар қорлаған,

Сені-дағы қортық Қодар қорлаған!

Алашым жоқ!

Сайтан соққан,

Сорлаған,

Жоқпын оған мен де,

Жоқ қой Ол – маған!»[6, 159], – деп «Қыз Жібек» жырының кейіпкерлерімен қатар Қодар архетипіне негізделген жағымсыз мазмұнды интертекстік негізде қайтара жырлайды. Ақын шығармашылығында осы тектес өлеңдер көп кездеседі. Осы орайда Серік Ақсұңқарұлы шығармашылығында «Едіге батыр» атты толғау бар. Толғау атауына түсініктеме ретінде жазылған шағын сөйлемде аттас эпостық жырдың заманауи негізде қайта жырланғанын айтып өтеді. Бұл мәтін толықтай интертекстік мәтін болып табылады.

«**Әлқисса**, енді Кләудиастан хабар айталық. Бұл өзі кешегі өлген Гамлет патшаның інісі еді. Жыланның күйсегенін білетін сұм, ішінен қыл айналмас қызғаншақ, жұмыртқадан жүн қырыққан әбжіл адам болатын. Ағасының топырағы **кеппей жатып**, арада екі ай мерзім **өтпей жатып** жеңгесіне сөз сала бастады. Патшалық жұртының мұны көріп: “Кләудиастың көздегені – Гертруде ханым емес, патшаның тағы” деген сыпсыңына қарамай, ұзын сөздің қысқасы, нысаналы сөздің нұсқасы аңқау Гертруде ойлады: “Бұл Кләудиас – **тұлпарымның тұяғы, сұңқарымның қияғы** Гамлетжанның атасы бір ағасы, алтын ішік жағасы еді ғой, былайғы жұрт не десе о десін, **келімі бір кетпес, түбірі біртүтпес** деген, тап осыдан жамандық келе қоймас” деп некелесті. Сөйтіп, хикаямыздың ең қызығы енді басталады»[5, 10], - деген жолдардағы «**әлқисса**» деп оқиға өрбіту эпостық жырларға тән үлгі екенін ескерсек, бұл аударма түгел дерлік интертекстік мәтін ретінде айқындала алады. Сонымен қатар эпостық жырлардағы өлеңмен жазылған жолдардың арасында келетін қарасөз түріндегі ұйқасты сөзбен өрнектелген үзінділер де эпостық жырларға тән белгі.

«Қырымның қырық батыры» жырында Сыпыра жырау сөз бастағанда: «Уа, жалт еткен, жалт еткен» [7: 256, 279], – деген тіркесті қолданады. Осы тіркесті Есенғали Раушанов:

«**Уа, жалт еткен, жалт еткен,**

Жәй түссе де жасқанбас.

Қарағай менің қарт әкем,

Қарағайға біткен сан бұтақ,

Алағайда сыр бермейтін мәрт екен», –деген өлең жолында алғашқы жол етіп алады. Бұл – цитата. Ал цитата – интертекстуалдылықтың ең көп кездесетін түрі. Жоғарыда айтқанымыздай интертекстік мәтіндерде цитатаға тырнақша қойылмайды.

«Қобыланды батыр» жырында:

«Кәмшат бөркі басында,

Тобылғы торы астында,

Қаршығасы қолында,

Тазысын ерткен соңында.

Жеті пірге сыйынып,

Баратұғын жолында», – деген жолдар бар. Бұл – ердің көркемдік бейнеленуі, өзіне тән сипаттарымен суреттелуі. Осы суреттелу Асан қайғының «Есті көрсең кем деме толғауынан да көрініс табады:

«Бақыты оянған ерлердің,

Әрбір ісі оң болар.

Дәулеті күнге артылып,

Не қылса да мол болар.

Тазылары түлкі алып.

Қаршығасы қаз іліп.

Сөз сөйлесе жөн болар», – деп қайталанады.

Жалпы алғанда мұндай мысалдар қазіргі қазақ поэзиясында өте көп кездеседі. Солардың қатарында біз қарастырған Есенғали Раушанов, Серік Ақсұңқар, Жәркен Бөдешұлы, Нұрлан Мәукен т.б. ақындардың поэзиясы ауыз әдебиет үлгілерінен суарылып, сол арнада қайталанып, жырлардың көркемдік үлгісінде өрнектелген. Интертекст мәтінтүзуші негізгі формалардың бірі екені зерттеушілер тарапынан сан рет айтылған.

Мәтіндер арасындағы байланыстар, алдыңғы және кейінгі мәтін мәселелері қазіргі қазақ филологиясы үшін тың әрі өзекті мәселе ретінде күн тәртібінде тұр.

Қолданылған әдебиет:

1. Әділова А. С. Қазіргі қазақ көркем шығармалардағы интертекстуалдылықтың репрезентациясы, семантикасы, құрылымы. Алматы, 2009. – 236 б.
2. Гадамер О круге понимания. Москва, 1954. – 383 б.
3. Таласбек Ә. Интертекст. – Otuken.kz
4. Барт Р. Смерть автора. Москва. Прогресс, 1994. 391 б.
5. Раушанов Е. Гамлет ертегісі
6. Ақсұңқарұлы С. Қараорман. Алматы, 2011. – 386 б.
7. Бабалар сөзі. Жүз томдық. Т 50. Астана, 2008, - 464 б.

ӨОЖ 811.512.122'36:398.5

ЭПИКАЛЫҚ ЖЫРЛАРДАҒЫ ҚОЗҒАЛЫС ЕТІСТІКТЕРІ

Шалабаева А.И.

Azhuka93@mail.ru

4-курс студенті

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қаласы

Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.д., профессор Г.О.Сыздықова

Етістіктің мағыналық топтарының бірі – қозғалыс етістіктерінің түркі тіл білімінде, орыс тіл білімінде, сонымен қатар қазақ тіл білімінде де өзіндік зерттелу тарихы бар. Түркі тіл білімінде қозғалыс етістіктері туралы алғашқы мағлұматтар ғалым Н.К.Дмитриевтің зерттеулерінде берілген. Ғалым Э.Р.Тенишев түркі тіліндегі қозғалыс етістіктерін мағыналық жағынан ортақ мағынаны білдіретін қозғалу етістіктері және белгілі бір мағынаны білдіретін қозғалу етістіктері деп екі топқа бөлсе, ғалым В.Ф.Вещилова түркі тілдеріндегі қозғалыс етістіктерін: а) қозғалыс бағытын білдіретін етістіктер; ә) қозғалыстың амал-тәсілін білдіретін етістіктер деп бөліп қарастырады. Бұдан түркітанудағы етістіктерді семантикалық классификациялауға 50-60 жылдардан бастап көңіл аударылғаны байқалады [1,6].

Қазақ тіл білімінде ғалым Ы.Е.Маманов етістіктерді мағыналық ерекшеліктеріне қарай сегіз топқа бөліп, қозғалыс қимылын білдіретін етістіктерге: *жүгіру, еңбектеу, домалау, жорғалау, өрмелеу, қозғалу, жылжу* т.б. етістіктерді жатқызады [2,35]. Ғалым Т.Сайрамбаев өзінің «Қазақ тіл білімінің мәселелері. Сөз тіркесі» атты еңбегінде етістіктерді сабақты және салт етістіктер деп бөліп, сабақты етістіктердің өзін мағыналық жағынан жеті топқа жіктейді.